

Байбосинов Сабит Әбдіәшімұлы

Бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары

Байбосинов Сабит Әбдіәшімұлы 1966 жылы 22 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөген ауданы (қазіргі Ордабасы ауданы), Қараспан совхозы, Социализм ауылында (қазіргі Сарыарық ауылы) дүниеге келген.

1973–1983 жылдары Жамбыл Жабаев атындағы қазақ орта мектебінде білім алып, оқу орнын үздік тәмамдаған. Еңбек жолын 1984 жылы Ю. Гагарин атындағы Бөген мемлекеттік киносетінде суретші-көркемдеуші болып бастаған.

1984–1987 жылдары Ауғанстан Республикасында интернационалдық әскери борышын өтеген.

1987–1993 жылдары Қарағанды мемлекеттік медицина институтының емдеу ісі факультетінде білім алған. Еңбек жолын хирургия саласында бастап, әр жылдары:

- Шымкент қалалық жедел жәрдем ауруханасында дәрігер-хирург;
- қабылдау бөлімінің меңгерушісі;
- хирургия бөлімінің аға ординаторы;
- операция бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған.

Қазіргі уақытта Шымкент қаласының №13 қалалық емханасында бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарады.

Сабит Әбдіәшімұлы — жоғары санатты дәрігер-хирург, қоғамдық денсаулық сақтау және әлеуметтік гигиена саласының маманы, экономика ғылымының магистрі. Денсаулық сақтау жүйесінде заманауи емдеу тәсілдерін енгізіп, медициналық көмектің сапасын арттыру бағытында нәтижелі еңбек етіп келеді.

Көп жылғы еңбегі мен кәсіби жетістіктері үшін бірқатар мемлекеттік және қоғамдық марапаттарға ие болған:

- «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалі;
- ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісі;
- «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісі;
- ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Елеулі еңбегі үшін» төсбелгісі;
- «Сауап» медалі;
- «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалі;
- облыстық және қалалық Құрмет грамоталары мен алғыс хаттар.

Қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысады. «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының мүшесі, Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданы бойынша партия төрағасы және қалалық Қоғамдық кеңес мүшесі.

Әріптестері арасында үлкен беделге ие, кәсіби біліктілігімен, жауапкершілігімен және адамгершілік қасиеттерімен ерекшеленетін тәжірибелі маман.

